

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі № 33/339-IV "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 28/220-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 шілдеде № 2715 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 21 маусымдағы № 25/288-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 21.06.2018 № 25/288-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 495-бабының 9-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5 тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі № 33/339-IV "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкалары туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2039-нөмірмен тіркелген, 2010 жылғы 18 қарашада "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия төлемақы ставкалары" қосымшасындағы:

"2-тармағының 3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

3.	Сұйытылған, сығымдалған газ, керосин үшін	0,48
----	---	------

;

4-тармағының 1.3.6 - жолы мынадай редакцияда жазылсын:

1.3.6.	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде көң, құс саңғырығы	0,018
--------	---	-------

".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат

сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Л.Тәшімов

Қ.Ержан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК